

Қазақ тілі

Қарсылықты салалас сөйлем



02301 тобы

Гүлмира Шекербекова

ҚЫЗУҒЫШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ.

«Шаттық шеңберін» жасау.
Шаттанамын мен де!
Шаттанасың сен де!
Шаттанамыз бәріміз!
Арайлап атқан күнге!
Сәттілік!(Бәріміз айтамыз.)



1-тапсырма: (Ізденімділік деңгей)

«Қарсылықты салаласқа» байланысты мақал - мәтелдердің сыңарларын табу.

- «Қожанасыр» тобына:
- Жалғыздың жоғы жоғалса табылмайды,
Көптің жоғы жоғалса табылады.
- Көппен тентек болсаң да,
Көпке тентек болма.
- Көз - қорқақ, қол - батыр.
- Өзің өлсең өл,
- Жолдасыңды жауға берме
- Аттан айырылсаң да,
Ер тоқымнан айырылма.

«Алдар көсе» тобына:

Шақырған жерден қалма,
Шақырмаған жерге барма.

Қонағыңның алтынын алма,
алғысын ал.

Кекшіл болма, көпшіл бол.

Көзіне қарама, сөзіне қара.

Жолаушының кешіккеніне сүйінбе,

Аңшының кешіккеніне сүйін.

• **2-тапсырма. (Шығармашылық деңгей)**

Тақтамен жұмыс істеу. Берілген жай сөйлемдерге ойларыңнан қарама - қарсы мәнді жай сөйлем ойлап, қарсылықты салалас құрау керек.

- 1. Жел саябырлаған сияқты,... Бірақ шөптердің басы әлі қыбыр-қыбыр етіп қозғалып тұр.
- 2. Теңіз тынышталды,... Бірақ теңіз аласұрған кездегі аққу-қаздардың қиқуы әлі басылған жоқ.
- 3. Тау астындағы көлдің үңгірі жолдан алыс екен,... Бірақ көлікпен бара алмағандықтан, жаяу барып біраз уақыт кетіріп алдық.
- 4. Бұрын бай еді,... бірақ қазір күнін әзер көріп отырған бір бейбаққа айналышты.
- 5. Көп балалы үйдің шаң-шұңы көп болушы еді,... Бірақ бұл үйде оның бірі де байқалмайды.
- 6. Қыстың ортасы болып қалды,... Бірақ күн әлі жарытып ысып көрген жоқ.

3-тапсырма. (Ізденімділік деңгей)

Үлестірмелі парақшалармен жұмыс.

I - топ. «Қожанасыр» тобына №1 парақша

II-топ. «Алдар көсе» тобына №2 парақша

№ 1 парақша.

Салалас құрмалас сөйлемнің түрін анықтаңдар. Жасалу жолын түсіндіріңдер.

Биыл мектеп бітіремін және Алматыға инженерлік оқуға түсемін.

№ 2 парақша.

Сөйлемде қандай салалас құрмалас түрі екенін анықта

Ол сабаққа дайындалмаған,себебі кеше кітапханадан кітап таба алмады.

4-тапсырма. (Шығармашылық деңгей)

Тақырыпты ашу. Интерактивті тақтада мәтін беріледі, оқушылар сөйлемнің арасынан қарсылықты салалас құрмалас сөйлемдерді анықтайды.

(Оларда пасықтық бар,- адамдық жоқ; қараңғы жауыздық бар,- жарқын жүз жоқ. Мен түріктің падишасы Афрасиабтың өзінің қымбат нәрселерін, алтын, күмістерін Хорезм өлкесіндегі Кердеріден жоғары бір жерге көмгендігі туралы көне деректі парсы тілінен оқып білдім, бірақ II Хұсрауға дейін оны ешкім білмеген. Жанқия апай сені елжіретіп сүймейді де, өтінбейді де, алайда шыж - быж етіп ұрыспайды да.... Ұлболсын жауап беруден, сөйлесуден тартынбайды, - неге екені белгісіз, қаймығады. Мектеп бітіруімізге бірталай уақыт бар, сонда да әрқайсымыздың неге икем екеніміз байқалып қалған-ды).

5-тапсырма. (Ізденімділік деңгей)

«Дәптермен жұмыс» жаңа сабақтың

тақырыбын ашып, дәптерлеріне жазады.

- 108 – жаттығу. Қайсысы ыңғайлас, қайсысы себеп-салдар салалас, қайсысы қарсылықты салалас екенін табыңдар.*
- Мұғалімнің жұмысында қиындықтар өте көп және мұғалімнің жауаптылығы да өте зор. Адамдарға мұғалімнің еткен әсері мәңгі қалып қояды, сондықтан да мұғалім өзін-өзі бақылай жүруге тиіс. Түсінен шошынып, дүниенің төрт бұрышын тегіс кезіп шығады, бірақ қайда барса да көретіні – қазып жатқан көр болады. Құдайдың қаһарынан жалбарынып құтылуға болады, -халықтың қарғысынан ешқашан да құтылуға болмайды.*

6-тапсырма. (Шығармашылық деңгей)

«Қожанасыр тобына».

1. Қарсылықты салаластың ережесін түсіндір.

2. Жалғаулықты және жалғаулықсыз қарсылықты салаласты түсіндір
Оқушылар топ болып берілген тапсырманы орындайды, қорғайды.

7-тапсырма. (Ізденімділік деңгей)

Семантикалық картаны толтыру.

№	Құрмалас сөйлемдер	Ыңғайлас	Себеп- салдар	Қарсылықты
1	Бұл егіннің дәнін қолымнан мен септім ғой, өзгеңнен гөрі менің жаным қаттырақ ауырап еді.		+	
2	Ағаңның да сенің алдыңнан шықпақ ойы бар еді,- жұмыстан қолы тимеді.			+
3	Мұндай шыбыны көп шөл даланы ешбір ауыл жайламайды: жаз айларында ондай шұбарлы жердің масасы мен сонасы қалың болады.		+	
4	Күн батты, тауды қара көлеңке басты.	+		
5	Сөз бергенге ерме,- бөз бергенге ер.			+

8-тапсырма. (Шығармашылық деңгей)

(Сыныпқа) «Қарсыластар» ойыны:

«Бірақ» сөзін қатыстырып қарсы пікір айтады

- Мен бәліш пісіре алмаймын... Бірақ бауырсақ пісіре аламын.
- Мен шаршадым... Бірақ ұйықтамаймын.
- Мен жақсы билей алмаймын... Бірақ жақсы ән айта аламын.
- Мен көп ұйықтаймын... Бірақ тез шаршаймын.
- Мен көп ұйықтаймын... Бірақ ерте тұрамын.
- Мен еден жууды ұнатпаймын... Бірақ сыпырғанды ұнатамын.
- Мен Үндістанда болған жоқпын... Бірақ Ресейде болдым.
- Мен пәлендей батыл емеспін... Бірақ қорықпаймын.
- Мен тез ашуланғыш адаммын... Бірақ жиі ашуланбаймын.
- Мен соншалықты сымбатты емеспін... Бірақ сүйкімдімін.
- Мен тым толықпын... Бірақ шапшаңмын.
- Менің аяқтарым ұзын емес... Бірақ түзу.
- Менің кемшіліктерім көп... Бірақ қылықтарым жақсы.

9-тапсырма. (Ізденімділік деңгей)

Тақтада берілген ұяшықтардың астында жасырын тұрған тапсырмаларды топпен орындау.

20

30

10

20

30

10

Берілген сөйлемге сипаттама беріп,
байланысу түрін анықтаңдар.

Алыстан мұнар тау көрінеді.

Жауабы: (жай сөйлем, жақты, жайылма,
толымды)

Тау көрінеді - қиысу.

Мұнар тау – қабысу.

Алыстан көрінеді – жанасу.

Бірінші бағандағы төменгі ұяшықтың
тапсырмасы (10)

Берілген сөйлемге толық сөз құрамдық талдау
жасаңдар.

**Көз ашқаннан бастап, үш ғасыр бойы
қиындықтың шырмауында жүрді.**

Екінші бағандағы жоғарғы ұяшықтың тапсырмасы(20)

Орындалған күй қалай аталады? Қай шығармадан алынған?

Әңгіменің мазмұнын еске түсіре отырып, кең жазықтың

шетінде мұнартып оқшау тұрған жалаңаш таудың атауын

айтыңдар. Таудың атауына фонетикалық талдау жасандар.

Жауабы: күй атауы «Нар идірген», Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесі.

Ипан тауы деп аталады.

Ипан - 1б – а.б, 2б - б.б.

И -дауысты, жуан, қысаң, езулік

П -дауыссыз, қатаң, ерін

А -дауысты, жуан, ашық, езулік,

Н- дауыссыз, үнді, тіл ұшы

4 әріп, 4 дыбыс

Екінші бағандағы төменгі ұяшықтың тапсырмасы (20)

Оқылған өлең шумағын жазып алыңдар, қай шығармадан алынғанын табыңдар? Кімнің өлеңі? Өлең шумағынан салалас құрмалас сөйлемді тауып, түрін анықтаңдар. (Оқушыларға жасырын түрде өлең шумағы оқылады. Балалар өлеңді мұқият тыңдап, естігенді дәптер бетіне түсіреді. Артынан жазған шумақтарын тақта арқылы тексеріп шығады.)

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,

Сонда да солардың бар тандамасы.

Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын

Қазақтың келістірер қай балалсы?

Жауабы: Абай Құнанбаев «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», Қарсылықты салалас сөйлем: Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы, сонда да солардың бар тандамасы.

Үшінші бағандағы жоғарғы ұяшықтың тапсырмасы(30)

Берілген бейнесюжет қай туындыдан алынған? Кімнің шығармасы? Шығарманың басты тақырыбы не? Шығарманың мазмұнына сай қарсылықты салалас құрмалас сөйлем құрастырып жазыңдар. Жауабы: «Қараш-қараш оқиғасы». Мұхтар Әуезовтың туындысы. Повестің басты тақырыбы: ескі қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздік мәселесі.

Үшінші бағандағы төменгі ұяшықтың тапсырмасы (30)

10-тапсырма. (Шығармашылық деңгей) Берілген мақал –мәтелдердің жалғасын тауып, салалас сөйлемнің қай түріне жататынын анықтаңдар.

1. Қоянды қамыс өлтіреді, (жігітті намыс өлтіреді).
2. Көз қорқақ, (қол батыр).
3. Атаның баласы болма, (адамның баласы бол).

Қорытынды тапсырма: Венн диаграмма әдісі арқылы өткен сабақ (себеп - салдар) пен бүгінгі сабақты салыстыру.

Себеп-салдар	Ортақтығы	Қарсылықты
1. Жай сөйлемдерінің бірі екіншісінің себебін білдіреді.	Байланысу түріне қарай құрмалас сөйлемнің салалас түріне жатады.	1. Жай сөйлемдердің мағыналары бір- бірлеріне қарама қарсы болып келеді.
2. өйткені, сондықтан, себебі, сол үшін, сол себепті жалғаулық шылаулар арқылы байланысады.		2. бірақ, дегенмен, сонда да, сөйтсе де, әйтсе де, алайда жалғаулық шылаулар арқылы байланысады.
3. Жалғаулықсыз себеп салаластың аражігі үтір мен қос нүкте арқылы ажыратылады.		3. Жалғаулықсыз қарсылықты салаластың аражігі үтір мен сызықша арқылы ажыратылады.

Бағалау: Оқушылардың сабаққа қатысым деңгейіне және топтық жұмыс жасаудағы белсенділігіне қарай бағалаймын.

Үй тапсырмасы: Әдеби шығармалардан қарсылықты салалас сөйлемдерге қатысты 4 сөйлем жазып, синтаксистік талдау жасап келу.

Сөйлем мүшелеріне синтаксистік талдау.

1. Ол жылдам жазып отыр, себебі бұл бұрыннан-ақ көкейінде сайрап жүр еді.

2. Қаныш Баянауыл әндерін көп біледі және өзі жақсы орындайды

3. Олардың бәрін үйіне апарды да, торға қамап қойды.

4. Халықтар бейбітшілік үшін күреседі.

Назарларыңызға рахмет!!!